Бекітемін
Ілияс Жансүгіров атындағы
Жетісу университетінің
Басқарма Төрағасы –Ректор м.у.а.

_____Б.Таубаев

«16» 02 2024 ж.

Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебі

Кешенді емтихан

БАҒДАРЛАМАСЫ

Келесі пәндер бойынша

1. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту әдістемесі
2. Инженерлік графика және жобалау
3. Үй мәдениеті, тамақтану мәдениеті

6В01406 – Көркем еңбек, графика және жобалау БББ бойынша студенттерге арналған

2023-2024 оқу жылы

Талдықорған, 2024 ж.

Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің кеңесінде қаралды

Хаттама № 2 « 31» 10 2023ж.

БББ жетекшісі _____А.Усенова
/аты-жөні/

Келісілді:

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор _____ Б.Таубаев
/қолы, аты-жөні/

Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры _____ Г.Кыдырбаева
/қолы, аты-жөні/

Жоғары мектеп деканы _____ Е.Утегенов
/қолы, аты-жөні/

Университетінің Ғылыми кеңесінде бекітілген

«26» 02 2024 ж. № 7 хаттама

ТҮСІНІК ХАТ

Кешенді емтиханның талаптары Мемлекеттік білім беру мен жоғары кәсіби білім беру (бакалавриат) страндарттарының және 6В01406 – Көркем еңбек, графика және жобалау білім беру бағдарламасы бойынша бітірушілерге қойылатын талаптар негізінде құрастырылған.

Кешенді мемлекеттік емтиханның негізгі мақсаты – студенттерді болашақ педагогикалық қызметке дайындаудың әдістемелік негізін қалау, жалпы білім беретін мектептерде оқушы жастармен бастауыш, кәсіптік білім мен еңбек технологиясының мектептің типтік оқу бағдарламаларының тарауларына сәйкес жемісті жұмыстар жүргізуіне, мектеп оқушыларын Республикадағы жаңаша әлеуметтік және экономикалық жағдайларда еңбекке дайындауға қажетті білім, іскерлік және дағдысын қалыптастыру.

Бағдарлама 6В01406 – Көркем еңбек, графика және жобалау БББ бойынша оқытылатын міндетті пәндерден сарапталған маңызды сұрақтардан тұрады, ол 3 модульден қамтиды. 1-модуль: «Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту әдістемесі», 2-модуль: «Инженерлік графика және жобалау», 3-модуль: «Үй мәдениеті, тамақтану мәдениеті».

«Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту әдістемесі» курсын меңгере отырып, бітірушілердің білімдері мен дағдыларын бағалауда төмендегідей өлшемдерді пайдалану ұсынылады:

- қоғамның қазіргі даму кезеңіне сай көркем еңбеке оқыту мақсаттары мен міндеттерін білім алушыларға насихаттай білу;
- бағдарлама мазмұнындағы оқу материалдарына байланысты оқытудың тиімді формаларын, әдістері мен құралдарын іріктеу;
- арнайы және әдістемелік әдебиеттерді пайдалану;
- перспективті, ағымдағы күнтізбелік-тақырыптық, күнделікті сабақ жоспарларын әзірлеу және оларды әдістемелік тұрғыда жабдықтау;
- көркем еңбек салалар бойынша сыныптан тыс және мекемеден тыс сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу;
- оқу барысында және сыныптан тыс жұмыстарда білім алушыларларды еңбекке тәрбиелеу, кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу.

«Инженерлік графика және жобалау» курсын меңгере отырып, бітіруші келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

- сызықтың түрлері, сызықтардың сызылу кезіндегі стандартты өлшемдері, түйіндесу заңдылықтарын ата, оларға мінездеме беру;
- геометриялық денелер оларға сипаттама беру, сызу құралдарының маңызына, белгілеріне мінездеме беру, үш проекция түсінік беру.

«Үй мәдениеті, тамақтану мәдениеті» курсын меңгере отырып, бітіруші келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

- білім алушы үй мәдениетін құрастырушы негіздерін, оны жасату және тәрбиелеу жолдарын анықтайды;
- дұрыс тамақтану мәдениетін, өнімді дұрыс таңдау және оны дұрыс әзірлеу мәдениетін меңгереді;
- алынған білім студенттерге кәсіби жұмыс мүмкіндігін кеңейтуге, сондай-ақ ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға ұқыпты қарау ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік алады.

Бітірушілердің білімдері мен дағдыларын бағалауда ***төмендегідей өлшемдерді пайдалану ұсынылады:***

- педагогикалық технологияларды іске асыру үшін қалыпты емес жағдайда жұмыс істей алатын, технологиялық ұйымдастырылған білім беру процесін түсінетін, жаңа рөлді қабылдай алатын педагог болуы қажет. Ол үшін ол жаңашылдыққа дайын болуы керек.

- сызу құралдарының маңызына, белгілеріне мінездеме беру. Үш проекция түсінік, білімі мен іскерліктерін білу;

- мектептерді бейіндеудің өзекті мәселелерін педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде терең зерттеулерді білу;

- өз тәжірибесіндегі мысалдарды негізге ала отырып жауап беру.

Кешенді мемлекеттік емтихандағы жауаптарды бағалау критерийлері:

100-ден 90 баллға дейін Студенттің жауабы толық және дұрыс. Студент материалды қорыта алады, өз тұжырымын жасай алады, өз пікірін білдіре алады, негізгі принциптері мен заңдылықтары, негізгі категориялары мен ұғымдарын, оқытудың инновациялық технологияларының негізгі ұғымдары мен терминдерін біледі. Мектептерді бейіндеудің өзекті мәселелерін педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде терең зерттеулерді біледі және өз тәжірибесіндегі мысалдарды негізге ала отырып жауап береді.

89-ден 70 балл аралығы егер негізгі категориялар мен түсіндірмелерді, бағдарламаның негізгі принцптерін нақты әрі сенімді жеткізсе қойылады. Білім беру мекемелеріндегі басқару қызметінде басқару міндеттерін оңтайлы шешімі ретінде педагогикалық менеджменттік білімі мен іскерліктерін біледі.

69-ден 50 балл аралығы егер Студенттің жауабы дұрыс, бірақ толық емес. Студенттердің пікірлері анық көрсетілген, иллюстрациялық мысалдар келтірілмеген. Негізгі категориялар, түсіндірмелерді, негізгі принциптер мен бағдарламаның заңдылықтарын жеткіліксіз сенімділік пен нақты айтуға қойылады. Жауап педагогикалық тәжірибедегі мысалдармен түсіндірмейді, беру барысында өзіне сенімсіздік танып негізгі бағдарламаламаның заңдылықтары мен қағидаттарын түсіндіруде терминдер бұрмаланып, мәнін жоғалтса.

49 ден 24 балл аралығы егер студенттің жауабы негізгі сәттерде белгіленген, мысалдар келтірілмеді, студенттің өз пікірі жоқ, егжей-тегжейлі қателер бар.Жауапта тақырыптың негізгі аспектілеріндегі елеулі қателер. Оң баға болып табылмайды. Ол - бағдарламаның негізгі санаттағы қағидаттар мен заңдылықтарын білмеген жағдайда қойылады

1 МОДУЛЬ
АРНАЙЫ ПӘНДЕР МЕН КӨРКЕМ ЕҢБЕКТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

1. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту әдістемесінің теориялық негіздері

Педагогикалық ғылымдар жүйесінде көркем еңбек салаларында білім берудің педагогикасы. Оқу пәнінің мақсаттары мен міндеттері. Көркем еңбек мұғалімдерін оқытуда арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту әдістемесінің орны. Жалпы орта білімнің мазмұнын негіздерін реттеуге және білім сапасын арттыруға мемлекеттік білім беру стандарттарының рөлі.

2. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту жүйесінің даму кезеңдері

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының міндеттерін орындаудағы көркем еңбекті оқыту. Мектеп білімін әлеуметтік-экономикалық қоғамдық жағдайында қазақстандық білім беру жүйесін жаңарту бағыттарының бірі ретінде, 12 жылдық оқытуға көшу жағдайында жалпы білім беретін мектептің көркем еңбекті енгізудің өзекті мәселелері.

3. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту педагогінің әдістемелік қызметі.

Көркем көркем еңбек оқытудың даму тарихы. Кәсіби оқытудың Қазақстан Республикасы мен шет елдер дамуы. Отандық көркем көркем еңбек оқыту жүйесінің даму кезеңдері.

4. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту үдерісі және оның ерекшеліктері.

Көркем еңбекті оқытудың категориялы тұжырымдамалары. Көркем еңбекті

оқытуды жүзеге асырудың мазмұны мен формалары. Жоғарғы сынып оқушыларының көркем еңбекті оқытудың (аймақтық, өзгермелілік, дербестендіру, дифференциациялау, өнімділік және қолжетімділік) негізгі қағидалары. Мектеп оқушыларына бағдар берудің алдын-ала бағыттары және әдістемелік сұрақтары.

5. Көркем еңбекті оқытудың дидактикалық ұстанымдары

Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқытуды қалыптастырудың үлгілері оқушылардың заманауи кәсіби және тәрбиелік себептері мен қажеттіліктері. Педагогикалық жүйелер мен стратегиялар. Көркем еңбекті оқытуды ұйымдастырудағы жетістікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жергілікті және аймақтық жағдайларды ескере отырып, қазақ мектебінде көркем еңбекті оқытуды қалыптастыру мүмкіндігін талдау.

6. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту жүйесі

Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқытудағы технологиялық білім беру жүйесінде мектеп оқушыларына баулу. Технологиялық білім беру жүйесінде көркем еңбекте білім беруді жетілдіру және қажеттілігі.Білім беру аймағының мазмұнының ерекшелігін ескере отырып, технологиялық білім беру жүйесінде көркем еңбекті оқытудың мәні. Технологиялық білім беру жүйесінде бейімдеудің кескіндік тақырыптық бағыттары

7. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту әдістері

Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқытуды психологиялық-педагогикалық қолдау. Көркем еңбекті оқытуға көшудің психологиялық-педагогикалық қолдауының негізгі бағыттары мен міндеттері. Көркем еңбекті оқытудың психологиялық-педагогикалық қолдауының мәні. Көркем еңбекті оқытуды жеке-бағытталған және жүйеге бағдарланған психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері.

8. Инновациялық оқыту әдістері мен формалары

Арнайы пәндер мен көркем еңбекті психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің диагностикалық әдістері және олардың сипаттамалары.Студенттермен жұмыс істеу үшін сауалнама бейімделген нұсқалары. Инновациялық технологияларға өмірлік құндылықтарды жіктеу. «Социологиялық зерттеу» психологиялық іс-шараларын өткізу ерекшеліктері. Қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін диагностикалау әдістемесі.

9. Оқушылардың кәсіби мүдделері мен бейімділігін диагностикалау

Оқушылардың кәсіби мүдделері мен бейімділігін диагностикалауға негізделген көркем еңбекте топтарды іріктеп алудың негізгі тәсілдері. «Бейін», «Ойлау түрі» және «Сауалнама» әдістері. Оқушылардың кәсіби мүдделері мен бейімділігін диагностикалауға негізделген топтарды іріктеп алу тәртібіне әсер ету әдістері. Көркем еңбек сабақтарын таңдау тәртібі.

10. Көркем еңбекті оқытудағы ұйымдастыру формалары

Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқытуды ұйымдастыру (алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе негізінде) Ғылымаралық синтез негізінде бейіндерді қалыптастыру жолдары. Ғылымаралық ғылыми синтездің түрлері: пәнаралық, ішкі (интрациклондық), интербелсенді (циклдік). Арнайы бейінге қатысты пәнаралық байланыстарды «орналастыру» (міндетті емес).

11. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту үдерісін жоспарлау

Жалпы білім беретін мектепте көркем еңбекте білім беруді ұйымдастыру үшін жүйелік тәсіл және мектеп ішіндегі дифференциация.Педагогикалық жүйе ретінде мектептегі білім беру ұйымының моделі. Көркем еңбекті оқытуды басқару.

12. Көркем еңбекті оқытуды педагогикалық, құқықтық және материалдық қамтамасыз ету

Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқытудағы инновациялық процестерді енгізу. Көркем еңбекті оқытуды қамтамасыз ету шарттары. Дифференциалды білімнің жалпы ерекшеліктері. Көркем еңбекті оқытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық модельдерінде жазылған жүйелік сипаттамалар.

13. Мұғалімнің сабаққа дайындалу әдістемесі

Оқу бағдарламасын модельдеу, арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту бағдарламаларын әзірлеу және сараптау. Мемлекеттік оқу стандартының бөлігі ретінде оқу жоспары. Мектеп бағдарламасының өзіндік талдау компоненттері.

14. Педагогикалық іс-тәжірибені ұйымдастыру әдістемесі

Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту бағдарламаларының функционалдық мақсаттары мен қағидалары. Көркем еңбекті оқу бағдарламаларының сапасына қойылатын мағыналық талаптар. Көркем еңбекті оқыту бағдарламаларының мазмұнын анықтауға және құрылымына қойылатын талаптар. Көркем еңбекті оқыту бағдарламаларын сараптамалық бағалау әдістері.

15. Оқу бағдарламаларын оқып үйрену және талдау

Арнайы пәндер мен көркем еңбекте білім беру мазмұнын анықтауға көп деңгейлі тәсіл және көп деңгейлі курсты құрастыру қағидалары . Көркем еңбекті білім берудің оқу бағдарламаларының мазмұнын оның түрлеріне тәуелділігі. Түрлі деңгейдегі курстар түрлері. Көп деңгейлі көркем еңбек курстарды жобалаудың жетекші қағидалары. Көркем еңбекті курстардың әртүрлі деңгейлері үшін мазмұнды таңдау критерийлерінің айрықша ерекшеліктері.

16. Әдістемелік оқу әдебиеттерін оқып үйрену және талдау

Арнайы пәндер мен көркем еңбекте оқушылардың бейінін таңдау және жеке оқу жоспарын құру тәртібі. Мектеп оқушыларының саналы түрде таңдауын және болашақ мамандығын дамытуды қамтамасыз ететін факторлар. Көркем еңбекті ұйымдастыру тәртібі және оқушылардың таңдау тәртібі туралы құжаттама. Көркем еңбекті білім беруді жүзеге асыратын мектепте жеке оқу жоспарларын енгізу.

17. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту мекемелерінің жабдықталуы және оқу өндірістік жұмыстарды ұйымдастыру

Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқытуды ұйымдастырудың формалары, әдістері, технологиялары және нормативтік базасы. Мектептегі практикада көркем еңбекті оқытуды ұйымдастырудың формалары. Мектеп оқушыларының білім беру бейінін дұрыс таңдау үшін кеңес беру және кәсіби таңдау.

18. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту сабақтарын күнтізбелік жоспарлау

Арнайы білім беруді оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістері. Көркем еңбекті оқыту технологиясының жалпы сипаттамасы. Қашықтан оқыту технологиялары. Интернет-ресурстар мен технологиялар. Электронды білім беру ресурстары. Ойын технологиялары. Дөңгелек үстелдер, тренингтер, шығармашылық жобалар. Мақалалар, ғылыми рефераттар, «портфолио», презентациялар, шағын топтық технологиялар, модульдік технологиялар.

19. Кіріспе, ағымдағы, қорытынды нұсқауларын өткізудің әдістемесін дайындау және мазмұнын түзу

Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқытуды ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық базасы. Жоғары білім мазмұнын реттейтін құжаттар.

20. Оқушыларды кәсіпке оқытудың негізгі бағыттары бойынша даярлаудың мақсаты мен міндеттеріне талдау

12 жылдық мектептегі арнайы пәндер мен көркем еңбек білім мазмұнын сипаттау Орта жалпы білім берудің жоғарғы сатысы жұмысының ұйымдастырушылық негізі ретінде оқушыларды оқыту процесін саралау мен даралау арқылы оқушылардің қызығушылығын, қабілеттерін ескере отырып оқыту.

21. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту қағидаларына деңгейлі талдау жасау және оқыту үдерісін ұйымдастыру

Жаһандану жағдайында мектептегі көркем еңбек білім беруді ұйымдастырудың халықаралық тәжірибесі, ұлттық білім беру жүйесін жаңғыртудың нақты алғышарттары туралы. Алдын ала дайындықты және көркем еңбекті оқытуды ұйымдастырудағы халықаралық тәжірибе.

22. Ұйымдастыру формаларын оқу бағдарламасының мазмұны, мақсаты, міндеттеріне сәйкес таңдау

Казақстан Республикасы жалпы орта білім беруде арнайы пәндер мен көркем еңбек білім беруді дамыту тенденциялары. Жаңа білім философиясы. Аударма үшін негіз ретінде заманауи жеке тұлғаны тәрбиелеу парадигмасы арнайы білім беретін орта мектеп. Қазіргі мектепте бейінді білім беруді енгізудің қажеттілігі. Орта жалпы білім беру жүйесінде мамандандырылған білім беру.

23. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту үдерісін ұйымдастыруда пайдаланылатын сабақ түрлерінің құрылымдарының ерекшеліктері

Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту әдістемесіндегі білім беру үлгісі. Көркем еңбек білім беру моделінің даму ерекшеліктері Көркем еңбекті оқытуды ұйымдастырудың мүмкін нысандары. Арнайы мектептердің түрлері. Көп бейінді орта мектептің педагогикалық процесінің моделі.

24. Оқу үдерісін ұйымдастыруда әртүрлі оқыту әдістерін пайдалану ерекшеліктері

Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқытудағы ресурстық орталықтың мақсаты, міндеттері. Құрылымы Ресурстық орталықтың құрылымдық бөлімшелерінің мазмұны.

25. Дәрісті инновациялық оқыту әдістері мен формаларын пайдалану арқылы сабақты ұйымдастыру және өткізу

Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту әдістемесінің білім мазмұны. Оқу бейінін қолдауға арналған бірқатар тұжырымдамалық құжаттарды құру. Көркем еңбекті оқытуды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету, Көркем еңбекті білім мазмұнын анықтайтын нормативтік құжаты.

26. Практикалық сабақ варианттарын микрооқыту

Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту әдістемесінің білім берудің негізгі оқу жоспары. Инвариантты, ауыспалы, жеке құрамдастар. Тренингке бейімдеу бағыттары, оқыту профилдері. Көркем еңбек білім беру бойынша элективті курстар. Зерттеу жобасы жоба алдындағы дайындықтың жетекші қызметі ретінде. Жеке білім беру бағыты.

27. Бинарлы сабақ өткізудің ерекшеліктері

Арнайы пәндер мен көркем еңбекте білім берудегі жаңа өлшемдердің бірі ретінде білім, біліктілік, дағды. «Құзыреттілік», терминдерінің мазмұны. Негізгі тақырып және негізгі құзыреттілік.

28. Дәстүрлі емес сабақ эпизодтарын жобалау

Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту әдістемесінің білім берудің тұтас педагогикалық процесі. Педагогикалық үдерістің ерекшеліктері, құрылымы, компоненттері көркем еңбекті білім берудің педагогикалық үрдісі.

29. Үйірме жұмыстарын (конструкторлық, СҚӨ, технологиялық, техникалық т.б.) оқушылардың шығармашылық іс-әрекеті бойынша ұйымдастыру және сабақты өткізу әдістемесі

.Арнайы пәндер мен көркем еңбекте білім берудің педагогикалық процесінің қағидалары. Педагогикалық үдерістің қағидалары. Көркем еңбекте білім берудің педагогикалық процесінің қағидалары. Көркем еңбекті оқытуды ұйымдастырудың жетекші қағидаларының бірі ретінде нұсқауды даралау принципі. Дифференциация қағидаты көркем еңбекті оқыту үлгісінің негізі болып табылады. Дифференциация түрлері.

30. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқытудағы білім беру технологиялары

Педагогикалық технологиялар. Кейбір жаңа білім беру технологиялары. Дәстүрлі білім беру технологиялары.

2 МОДУЛЬ
ИНЖЕНЕРЛІК ГРАФИКА ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ

1. Овал дегеніміз не және оны сызудың ережесін түсіндір? Овал дегеніміз сопақша шеңберді сызу ережелерімен орындау тәсілін айтамыз. Неігізінде овал сызуы көбінесе аксонометриялық, димметриялық сызбаларда қолданылады. Ол шеңберді 30 градуста төртке бөрліп белгілі ережелер бойынша берілген нүктелерді біріктіру арқылы орындалады.

2. Овалдың көріністерін және қандай көріністерде орындалады? Овал шеңбердің аксонометриялық көрінісінде орындалады, әсіресе аксонометрия сызбасындағы шеңбердің, детальдың кесіндісінде маңызды орын алады. Овал ережесін қолданбаса аксонометриялық кесіндіні орындау мүмкін емес.

3. Сызықтың түрлерін ата? Сызу пәнінде сызықтардың бірнеше түрлері бар, олар; бір бүтін жуан негізгі сызық (олар сызудың барлық негізгі бөліктерінде қолданылады), бір бүтін жіңішке сызық (сызудың барлық көмекші бөліктерінде, өлшем бірліктерінде қолданылады), үзілмелі жіңішке штрих сызық (детальдардың көрінбейтін бөліктерінде қолданылады), жіңішке ирек сызық (ұзын деталбды қысқарту кезінде немесе фрагмент көрінісінде қолданылады), жіңішке үзілмелі нүктелі сызық (детальдың ортаңғы бөлігін көрсету үшін сызылады),

4. Сызықтардың сызылу кезіндегі стандартты өлшемдері? Сызба ережесінде олар бір өлшемдегі стандартқа сай орындалады, мысалы; Кескіндерді сызбада рәсімдеу үшін ГОСТ 2.303-68 стандартты сызықтардың мынадай типтерін және олардың атауын тағайындайды:тұтас жуан негізгі сызық, қалыңдығы S=0,5... 1,4 мм ; тұтас жіңішке сызық, қалыңдығы (1/2...1/3)S. тұтас ирек сызық, үзілме сызық, Жіңішке нүктелі үзілме сызық, Жіңішке қос нүктелі үзілме сызық, Тұтас жуан негізгі сызық сызбаның пішініне, кескіннің шамасына, кескіндердің күрделілігіне және кескіндеу құралына тәуелді 0,5-тен 1,4 мм дейін жуандықта орындалады.

5. Түйіндесу заңдылықтарын ата, оларға мінездеме бер? Түйіндесу деп сызу заңдылықтары бойынша А-нүктесі мен Б нүктелерінің овал арқылы, немесе шеңбер арқылы, немесе тік бұрыштағы радиус арқылы бірігу нүктелерін айтамыз.

6. Шеңберді үшке, төртке, беске, алтыға және сегізге бөлу тәртібін көрсет? Шеңберді тең үш, төрт, бес, алты, сегіз он екі бөлікке теңдей бөлу циркульдің көмегімен, транспортер құралы арқылы, тімді ұш бұрышты сызғыш арқылы да бөлуге болады. Олардың ең оңай әрі тез тәсілі циркульдің көмегі.

7. Геометриялық денелер дегеніміз не, оларға сипаттама бер? Сызбада геометриялық денелердің өте көп түрлері пайдаланылады, мысалы Куб, Шар, төрт, алты немесе сегіз қырлы пирамидалар, т.б. Сондай-ақ сызбада пирамидалардың тіліктерінде, кесіндісінділерінде және жаймасында кеңінен қолданылады.

8. Сызу құралдарының маңызына, белгілеріне мінездеме бер? Сызу құралдарыныа негізінен ТМ қарындашы, циркуль, сызғыш, транспортер, өшіргіш т.б. Сызу құралдарының ішінде циркуль маңызды орын алады, егер бекіністері бос болса ереже сауатты орындалмайды. Сызу ережесінің белгілері стрелка, радиус, диаметр, кесінділер белгілері А-А, Б-Б т.б. резбаның, материалдың белгілері стандарттарға сай болуы міндет.

9. Үш проекция дегенді қалай түсінесің? Үш проекция дегеніміз детальдың негізгі, үстінен қарағандағы және жанынан яғни қырынан қараған бір өлшемдегі көріністерін айтамыз. Осы үш проекцияны кесінді әдісі арқылы, техникалық сызба арқылы әртүрлі масштабта орындауға болады.

10. Аксонометриялық проекция дегеніміз не? Сызу пәнінің аксонометриясы деп детальдың жалпы көрінісін 30 градустық көрініste орындалған сызу болып табылады. Ол әдіс кез келген детальда бүтіндей, кесінді арқылы немесе қима арқылы орындалады.

11. Аксонометрия мен Димметрияның айырмашылығын ата Аксонометрия ережесі сызбада 30 градус бұрыштықпен орындалса, ал димметрия ережесі 7 градус пен 45 градус бұрыштықта орындалады. Айыммашылықтары градус бұрыштығында болмаса ережелері бірдей.

12. Құрылыс сызбалары дегеніміз не? Құрылыс сызбалары жеке немесе кез келген сәулет үйлердің, мекемелердің, арнаулы оқу орындарының, спорт кешендерінің, мәдени орталықтарының нақтылы масштабтағы сызбаларын айтамыз. Мұнда құрылыс обектілерінің барлық бөліктері, фундаменты, шатыры т.б. нақтылы сызылады.

13. Жайма сызбасы қандай детальдарда орындалады, сипаттама бер? Жайма сызығы геометриялық фигуралардың пирамидаларында, цилиндрларында, кубтарда, олардың кесінділерін нақтылы көрсетіп, сызу арқылы құрастыру мақсатында орындалады.

14. Машинатану сызбасы дегеніміз не? Машинатану сызбасы дегеніміз техникалық детальдарға байланысты орындалатын жұмыс түрі. Негізінде болттық жалғам, шпилькалы жалғам, жалпы кез-келген резьбалық жалғамдары бар, металдан, болат темірден, алюминиден дайындалған детальдардың барлық түрлері машина тану сызбаларына жатады.

15. Детальдағы кесінді дегеніміз не, оған сипаттама бер? детальдардың басым көпшіліктері сызба түрінде кесіндімен, тілікпен,и жергілікті тіліктермен орындалады. Ол детальдың ішкі бөліктерінің, кейбір көрінбейтін аймақтарының өлшемдерін айқындау үшін орындалады.

16. Сызудағы қима дегеніміз не, оған сипаттама бер? Қыйма дегеніміз геометриялық фигураларды, кез келген детальды жартылай немесе толық қиым көрсету ережесін айтады. Кесілген немесе қиылған орындарын сызбада штрихпен сызып көрсетеді.

17. Жіңішке сызық және оның өлшемі. Өзге қосымша орындалу кезінгегі аталған сызықтың түрлері жіңішке сызық деп аталады және негізгі сызықтан екі-үш есе жіңішкерек орындалады. Қарындашпен орындалған жіңішке сызықтың жуандығы 0,3 ммден, ал сызықтардың арасындағы арақашықтық 0,8 мм-ден кем. Тұтас жіңішке сызық сызбада көмекші құрылымдарды сызбада орындау үшін; кескіндерде шығару және өлшем сызықтарын түсіру үшін; тіліктер мен қималарда бұйым материалын графикалық белгілеу (сызықтау) үшін; астында түсіндірме жазба мен белгілер жасалынатын, шығару сызықтар мен позициялар сөрелерін сызу үшін; жазбалардың астын сызу үшін; беттердің бірқалыпты өтудің елестету сызықтарын көрсету үшін және өзге де көмекші құрылымдар үшін арналған.

18. Негізгі жуан контурлы сызық. Демек қарындашпен сызылған негізгі сызықтың жуандығы 0,6 мм-ден кем болмауы тиіс. Бір түрдегі сызықтың жуандығы берілген сызбада бірдей масштабта сызылатын барлық кескіндер үшін бірдей болуы тиіс. Сызықтардың қарама-қарсылығы тегіс болу керек. Сызықтың әрбір түрі өзінің қолданыс аймағы, өзінің тағайындалуы болады.Тұтас жуан (негізгі) сызық сызбада тетік бөлшек контурының көрінетін сызықтарын, беттердің көрінетін қиылысу сызықтарын тіліктер мен қималардың жасалуы барысында бұйым беттерімен қиюшы жазықтықтардың қиылысу сызықтарын, сондай-ақ кестелердің белгілі бір сызықтарын, негізгі жазбаларын, сызбаның ішкі рамкасын, сұлбаның құрылымдық элементтерін кескіндеу үшін арналған.

19. Сызбадағы белгілер қалай орындалады, мысалы өлшемдер, кесілетін орын т.б.? Сызу ережесіндегі белгілер, мызалы стрелкалар, радиустың, диаметрдің, резьбаның және материалдардың белгілері арнаулы бекітілген стандарт өлшемдері бойынша орындалады.

20. Сызбадағы штрихтардың орындалу тәртібі, ерекшелігі? Сызба ережелерінде штрих сызықтары жіңішке тұтаз сызықтармен 45 градуста, ара қашықтықтары 2-3 мм аралықтарда орындалады. Штрих сызықтар.

21. Жалғау дегеніміз не, сызбада жалғаулардың қандай түрлері болады? Сызу пәнінде детальдарды резьба арқыды жалғау деген сала бар, мысалы болт арқылы, шпилька

арқылы, винт арқылы, тіпті ертедегі тәсіл заклепкалар арқылы жалғаулар деген әдістер әлі күнге дейін қолданылып келеді. Аталған жалғамдар тек кесінді арқылы нақтылы сызбамен көрсетіледі.

22. Болттық жалғау түріне сипаттама бер, ондағы резьбалар қалай бейленеледі? Болттық жалғау екі детальдің бір-біріне жалғануы үшін қолданылады. Болттар детальдың өтпелі диаметрлік тесігіне байланысты талданады. оның өлшемі детальдың жалғанатын жалпақтығынан 7-8 мм ұзындау, ал диаметрі 3-4 мм кіші болуы шарт. Сызбада кесінді арқылы көрсетіледі, резьбаның орындары жіңішке сызықтармен, болттың ұшы фаскаланған түрле орындалады.

23. Шпилькалық жалғау дегеніміз не? Шпилькалы жалғамның түрі де резьба арқылы іске асырылады, оның болттан айырмашылығы, шпильканың бір жағы детальға бұралып бекітілсе, оған бекітілетін екінші деталь кигізіліп гайканың көмегімен тартылады. Болттық және шпилькалы жалғамдардың гайкаларына арнаулы стандарт бойынша дайындалған шайбалар салынады. Ол да сызбада кесінді арқылы көрсетіледі, резьбаның орындары жіңішке сызықтармен, болттың ұшы фаскаланған түрле орындалады.

24. Винттік жалғамға сипаттама бер, айырмашылықтарын ата? Винттік жалғамның түрі де резьба арқылы іске асырылады, оның болттан шпилькадан айырмашылығы, Винттағы резьбаның өлшемі, винт кіретін тезікке дәлме-дәл стандартта болуы керек және винттің басының детальға орнығатын жері винт басының өлшеміне байланысты фаскамен өңделуі тиіс. Яғни винт толық бұралған кезде детальдың деңгейімен бірдей болып орнығуы шарт.

25. Сызудағы тойтармалар (заклепкалар) қалай орындалады, оның ерешелігі дене? Тойтармалар детальдарды біріктірудің өте ескі түрі болып саналады. Өйткені ежелгі кезде кез-келген жалғамдар осындай заклепкалардың көмегімен жалғанған. Дегенмен кейбір детальдарды әлі күнге дейін заклепканың көмегімен жалғайтындар кездеседі, яғни қолданыста бар. Әсіресе кезінде ұшақтарды құрастыру кезінде кең көлемді қолданған.

26. Техникалық сызбалар деп нені атаймыз, оның айырмашылығын ата? Техникалық сызбалар дегеніміз сызу жаттығуының кез-келген түрін сызғышссыз, циркульсыз қолмен сызып шығу әдісін айтады. Бірақ сызу ережесін нақтылы сақтау арқылы орындалады, тек айырмашылығы сызу құралдарсыз, қолмен орындалады. Техникалық сызу өндірісте де кеңінен қолданылады. Бұл әдіс қолма-қол тапсырыс беру кезінде пайдаланылатын әдістің түрі.

27. Сызу пәнінің негізгі міндеттерін және мәселелерін ата, сипаттама бер? Пәннің негізгі міндеттері, оқушыларды бейімділікке, сызу сауаттылығына, ынталыққа, ұқыптылыққа, шығармашылыққа, дербестестікке тәрбиелеу. Кез келген бұйымды барлық бағыттарынан теңдей қарап анықтай алатын, сыза алатын, ойлау қабілеттерін сауатты пайдалана алатын мамандыққа тәрбиелеу.

28. Тұтаз ирек сызықтың сипатын айт? Тұтас жіңішке ирек сызық форматқа сыймайтың ұзын өлшемді детальдарды (мысалы, ұзын труба немесе ұзын өлшемдегі вал т.б.) ирек сызықтар арқылы кесіп көрсету мақсатында және жергілікті кесіндіні көрсету мақсатында орындалады. Ирек сызық қолдан сызылады және көрініс пен тілікті шектей отырып, кескінді шектеу (бөлу) үшін қолданылады.

29. Штрих-пунктирді сызықтар. Бұл сызықтың түрі детальдағы көрінбейтін элементтерді (сызықтарды) кескіндеу үшін үзілме сызық қолданылады. Мысалы, бетальдың ішіндегі қуыстар, қабырғалардың қалыңдықтарының өлшемдерін, ішіндегі шеңберлер, резба т.б. Сондай-ақ көпжақты денелердің кескіндерінде егер көрінбейтін қырларын үзілме сызықпен көрсетпесе түсініксіз болар еді.

30. Жаңа техниканы заман талабына сай дайындау үшін қай жүйемен іске асырамыз? Қазіргі кезде білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялардың түрлері өте дамып кетті. Мысалы электронды оқулықтар, бейне таспа көріністер, слайдттар,

интарактивті тақталар, интернет жүйелері, осылардың бәрі оқушылардың шығармашылық қабілеттеріне, идеяларын іске асыруға, моделдеуге ықпалы өте зор

3 МОДУЛЬ
ҮЙ МӘДЕНИЕТІ, ТАМАҚТАНУ МӘДЕНИЕТІ

1. Үй мәдениеті мен тамақтану мәдениетінің қысқаша сипаттамасы. Білім алушы үй мәдениетін құрастырушы негіздерін, оны жасату және тәрбиелеу жолдарын анықтайды. Дұрыс тамақтану мәдениетін, өнімді дұрыс таңдау және оны дұрыс әзірлеу мәдениетін меңгереді. Алынған білім студенттерге кәсіби жұмыс мүмкіндігін кеңейтуге, сондай-ақ ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға ұқыпты қарау ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік алады.
2. Үй мәдениеті мен тамақтану мәдениетінің оқу мақсаты. Шығармашылық жұмыстарында түрлі техника мен көркем матералдарды өз бетінше анықтап, таңдай алады, оларды өзара сәкестендіреді. Оқыту әдістерді оқытуға ғылымилық тұрғыдан қалыптастыруға, ұтымды әдістерін үйретеді.
3. Үй мәдениеті мен тамақтану мәдениетінің оқу нәтижелері. Үй мәдениеті, тамақ мәдениеті арқылы студенттердің үй мен тамақ мәдениеті негіздерін болашақта игеру және көрсетілген әдістер бойынша бағдарламалық материалдарды игеруі;

4. Тұрмыста қолданылатын жаңғырмалы энергия көздерін ата? Жаңғырмалы энергияның көздері ол жел арқылы, гидроэнергия немесе су энергетикасы күн энергиясы, монокристаллды күн элементі, био-жанармай, Геотермалдық энергия, т.б. өндіру нысандарын тұрмыста қолдану.
5. Жиһаз жөндеудің жолдарын үйретуді қалай қалыптастырамыз? Әр оқушы өзінің үйінің, мектеп ошағының, қоршаған ортасының қожайыны. Әр оқушыны айналасындағы бұйымдарына, заттарына, өзінің мүлкіндей қарауға тәрбиелеу керек. Орындықтың босап тұрған жерлерін желімдеу, бұрандамен бекіту, Есіктің замоктарын, тұтқаларын ауыстыру, тумбочкалардың бүлінген есіктерін, суырма тартпаларын қалай қалпына келтіреміз солармен жұмыс жасатып көрсету. Жихаз аксессуарларымен жете таныстыру, қолдану әдістерін игерту.
6. Жиһаз бұйымдарын күту жолдарына талдам бер? Әр үйдің тұрмыстық жабдықтары, күнделікті қолданатын тұрмыстық техникалары бар. Әр бұйымға, әр затқа күтім болмаса ол бара бара істен шығатыны анық. Сондықтан қандайда болмасын ақаттықты байқаған кезде оны қалай өндеу керек, желімдеу ма, бұрандамен бекіту ма ұтымды жағын әске асырып ақастықтарды жөндеу ісін жүргізу қажет.
7. Үй мәдениетіндегі сантехникалық бұйымдарға күтім. Әр үйде сантехникалық құралдармен күнделікті байланыста болады, әр бұйымға белгілі дәрежеде күтім керек. Мысалы бұрандалардың, ваннаның шлангаларының ақастығы, түбінен су тамшылау т,б, жұмыстарын қалай жөндеу, қалай ауыстыру талаптарын білу керек. Суды қосымша ағыту, қосу істерін білу міндет.
8. Үй мадениетіндегі қатпарлар технологиясының жүйесі. Көркем еңбек пәнінде тоқыма өнерінің игерілуі (шалып тоқу, түкті кілем, тақыр кілем, сырмақтар т.б.) қалыптасқан. Осы қолөнер бөлігіндегі тоқыма өнерін орындықтардың бетіне, төсеніштер ретінде, шәугім, шәйнек астына, шәугім жапқыш ретінде бұйым дайындауды іке асырған тиымды.
9. Үй мәдениетінде қолөнер бұйымдарын пайдалану. Қазіргі кезде алты, сегіз қырлы тоқыма әдісі кең өріс алып кетті, ол оңай әрі тез. Сол тәсілмен көптеген жапқыштар, төсегіштер өнерлі үйлерде орын алады. Сондай ақ шым ши, тақыр ши, орама ши, пано ши түрлері шәйнек немесе ыстық тамақ төсегіші ретінде, немесе панно сурет ретінде орындалғандарды іліп қою мақсатында қолдануға болады.

10. Үй мәденеитінде ланшат дизайнін іске асыру жүйесі? Әр үйдің ауласы әдемі болғанын қалаймыз, ауланың тазалығы, көркемдік эстетикасы жақсы болуын қалайды. Газонның, тратуарлардың, ағаштардың эстетикалық көрінісін жобалау қажет. Ағаштарды кесу, әрілеу, гүл, көкөністер отырғызу т.б.

11. Үй мәдениетіндегі өсімдік шаруашылығы, көктемгі жұмыстар? Өсімдік шаруашылығына байланысты көктемгі жұмыстардың түрлерін игеру, жемістер мен көкөністерді егу жолдарын үйрену, газон өсімдіктеріне күтім, оларды уақтында суғару т.б.

12. Ағаштан ас бұйымдарын жасау үлгілері. Ағаштан көптеген ас үй бұйымдарын жасауға болады, мысалы ұлттық нақыштағы ет турайтын тақтай, жәдігерлік оқтаулар, піскен етке арналған ағаш піспек, ағаш қасық т.б.

13. Киімді күту мәдениеті және сақтау ережелерін қандай? Киім,аяқ киімді таза ұста, көйлек, костюм, шалдабрлар әрқашан үтіктелген болу керек. Киім ілгішті киім өлшеміне лайықты таңдап, бір ілгішке екі киімнен артық ілмеу керек. Тоқыма бұйымдарды ұқыпты жинап, жәшікте, шкаф скрелерінде сақта. Киімдегі кейбір дақтар өзің кетіруіңе болады. Алдымен қылшықпен шаңын тазалап, сорғыш қағаз арқылы үтіктеу қажет

14. Материалды таңдау және дайындау ерекшеліктері қандай? Кез келген материалдардың сапасын анықтай алуымыз керек. Егер біздің ондай қабілетіміз болмаса бұйымымын ешқашан сапасы болмайды. Қыздар үшін жіптің, материалдың, матаның т.б. сапасын айыра білу керек. Ал ұлдар үшін ағаш, темір, тері, желім лактың.

15. Тамақтану мәдениеті. Дұрыс тамақтану негіздері, мәзір құру. Тамақтану мәдениеті мен тамақ әзірлеу технологиясы. Аспаздық —тағам даярлау өнері. Көптеген мыңжылдықтар бұрын отта алғаш рет ет кесектері қыздырылған кезде туындады. Содан бері аспаздық өнері жетіліп келді. Адамзат барлық уақытта өзінің тағамдарын өзгертіп отырған және тамақ дайындаудың жаңа тәсілдерін ойлап тауып отырған.

16. Ас үй жабдықтары, ыдыс-аяқ. Ыдыс-аяқ- күнделікті тамақты дайындап, ішіп-жеу барысында пайдаланылатын тұрмыстық заттар жиынтығы. Ыдыс-аяқ қолдану жағдайына байланысты - тамақ дайындайтын: кастрөлдер, табалар, қазан, ожау, кәкпір, тамақ қабылдайтын: тәрелкелер, табақ, қасық, шанышқы, кесе, стақан, саптыаяқ және тамақ сақтауға арналған ыдыстар деп бөлінеді.

17. Тамақ дайындауға арналған құралдар мен құрылғылар. Техниканың заманында тамақ жасаудың да жолын жеңілдету үшін көптеген техникалық құрылғылар ойлап шығарылды. Автоматтандырылған құрылғылар күні-түні ас үйді мекендетпей, тамақ жасау уақытын үнемдейді. Сонымен қатар, көкөністер мен жемістердің пайдалы қасиеттерін жоғалтпай дайындауға тырысады.

18. Санитарлық – гигиеналық талаптар және техника қауіпсіздік ережелерін ата?. Санитарлық – гигиеналық талаптар. Тамақты дайындау кезінде оған ағзаға зиянды ауру тудыратын микробтар түсіп, тамақтан уланып қалмау үшін санитарлық – гигиеналық талаптарды сақтау керек.

19. Үй экологиясы, тазалығы, экологиялық таза тұрғын. Адамның биологиялық түр ретіндегі көрнекті жетістіктерінің бірі-жасанды тіршілік ету ортасын құру. Тұрғын үй адамдардың қоршаған ортаның қолайсыз факторларына тәуелділігін төмендетіп, адамның бүкіл әлемге таралуына әкелді.

20. Дұрыс тамақтанудың негіздері. Ас мәзірін әзірлеу Әр нәрсенің өз әдебі, орны болады. Оны сақтамасаң, сен әдепсіздікке бой алдыртқан болып саналасың. Тамақтанудың да өз әдептері бар. Оларға; тамақты мезгілімен ішу, әдеппен ішу, жағымсыз қылықтарды жасамау. Тамақты асықпай баппен ішу.

21. Минералды тұздар мен минералды заттардың негізгі көздері қандай? Тамақтану кезінде қандай жеміс минералды, қандайы тұзды және минералды заттардың ағзаға әсері қандай, оны қалай түсінеді, негізгі көздері туралы деректерді білу үшін қалай ажырату керек.

22. Өңделген еттің қандай ағзасы бар? Қатерлі ісік ауруларын зерттейтін институты сүрленген, мұздатылған, тұздалған, химиялық консерванттар қосылған ет ас қорыту жолдарының қатерлі ісігіне алып келуі мүмкін деп тұжырымдады. Консервіленген, құрамында өте көп тұз, май, холестерин бар бұл етте пайдалы заттар да қалмайды.

23. Мұздатылған тағамдардың асқазанға әсері қандай? Мұздатылған астар қазірде әлем бойынша танымалдыққа ие бола бастауда. Дайын тамақты жемес бұрын жылытады. Бұндай тамақта калориялар шамадан көп, натрий мөлшері тым көп болады.

24. Бәліш сияқты ұн өнімдерінің организмге зияны қандай?. Ішіне калориялы салындысы бар, қуырылған бәліштерде трансгенді майлар, қант, ақ ұн сияқты пайдасыз заттар бар. 10-20 грамм майға қоса 250-300 "бос калориялар" бар.

25. Картоп қытырлақтарының ағзасы асқазанға қандай?. Мәселе оның ішінде салмақ жинайтын зиян көмірсулардың болуында ғана емес екен. Картоп қытырлақтары мен фри картобында акриламид есімді канцероген бар. Ол тамақты жоғары температурада дайындағанда пайда болады. Бұл жыл сайын бірнеше мың қатерлі ісік ауруының туындауының себебі

26. Газдалған судың организмге әсері. Газдалған сусындарға құмар болу - артық салмақ, ұйқы безінің қатерлі ісігі сияқты нәтижеге алып келе алады. Бір бөтелке газдалған суда 10 қасық қант бар. Газдалған сусынды күнделікті емес, анда-санда ішетіндердің өзі ауыр ауруларға шалдығу мүмкіндігін бірнеше есе арттырады. Жүрек-тамыр аурулары, диабет - міне, газдалған сусындарды сүйгіш жандардың болашағы.

27. Сүт тағамының пайдасы қандай? Адамзат баласы дүниеге келген кезде әуелі ана сүтін қорек етеді. Сүт құрамындағы ақуыз тырнақ, шаш өсімін жақсартып, сүйектердің қатайып, мықты болуына әсер етеді. Дәрігерлердің айтуы бойынша, күнделікті майлылығы төмен сүт өнімдерін пайдалану ас қорыту жүйесін жақсартады.

28. Тауық етінің құрамындағы витаминдер? Тауық етінің В тобындағы дәрумендер, ақуыз бен аминқышқылдары бар. Ас қорыту жүйесін, ағзадағы қан айналымын, жүрек пен бұлшық ет жұмысын жақсартады. Қуырылған тауық етінен қарағанда қайнатылған тауық еті пайдалырақ.

29. Балық құрамында ағзаға қажетті қандай элементтер бар? Оның құрамындағы антиоксиданттар қимыл-қозғалыс координациясын жақсартып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.

30. Көкөністердің жақсы қаситеттері. Сәбіз, орамжапырақ, қызылша құрамында көз көруін жақсартып, теріні қалыпқа келтіретін бета-каротин бар. Бета-каротин кәрілікті тежеп, асқазан жұмысын жақсартады. Көкөністер анемия, авитаминоз, бүйрек пен бауыр ауруларының алдын алып, оларға қарсы тұра алады. Сондай ақ Киви, ананас және цитрус жемістері Бұл жемістердің құрамында С дәрумені бар.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Ералин, Қ. Дизайн негіздері: Оқу құралы / Қ. Ералин, Ғ. Ералина. – Алматы: Эпиграф, 2017. – 192 б.
2. Қонысбай, С. Инженерлік және компьютерлік графика: Оқу құралы / С. Қонысбай. – Алматы: ТехноЭрудит, 2020.
3. Бәйдібеков, Ә.К. Хейфец, А.Л. Инженерная 3D-компьютерная графика: учеб. пособ.для бакалавров / А.Л. Хейфец, А.Н. Логиновский, И.В. Буторина. – 2-е изд. перераб. и доп. – М., 2018.
4. Ералин, Қ. Бейнелеудің мамандық пәндерін оқыту әдістемесі: Оқу құралы / Қуандық Ералин, Айгүл Ералина. – Алматы: Эпиграф, 2016.
5. Критериалды бағалау технологиясы: Оқу құралы / З.Е. Сулейменова. – Алматы: ТехноЭрудит, 2020.

6. Білім берудегі инновациялық технологиялар: Оқу-әдістемелік құрал / М. Шошак, М. Карменова, Г. Сарсенгалиева. – Алматы: Эпиграф, 2020.
7. Мырзаканов, М.С. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі: Оқу құралы / М.С. Мырзаканов. – Алматы: ТехноЭрудит, 2018.
8. Сулейменова, З.Е. Педагогика: Оқу құралы / З.Е. Сулейменова. – Алматы: ТехноЭрудит, 2020.
9. Оқушыларды еңбекке баулу және кәсіптік бағдар: Оқу құралы / Ж. Түрікпен-Ұлы, Х. Наубаева. – Алматы: Эверо, 2014. – 112 б.
10. Адамқұлов, Н.М. Көркем еңбек: Оқу-әдістемелік құрал / Н.М. Адамқұлов, С.Ж. Түрікпенова. – Алматы: ССК, 2020.

БАҒДАРЛАМА СҰРАҚТАРЫ

1МОДУЛЬ
АРНАЙЫ ПӘНДЕР МЕН КӨРКЕМ ЕҢБЕКТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

1. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту әдістемесінің теориялық негіздері
2. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту жүйесінің даму кезеңдері
3. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту педагогінің әдістемелік қызметі
4. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту үдерісі және оның ерекшеліктері
5. Көркем еңбекті оқытудың дидактикалық ұстанымдары
6. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту жүйесі
7. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту әдістері
8. Инновациялық оқыту әдістері мен формалары
9. Оқушылардың кәсіби мүдделері мен бейімділігін диагностикалау
10. Көркем еңбекті оқытудағы ұйымдастыру формалары
11. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту үдерісін жоспарлау
12. Көркем еңбекті оқытуды педагогикалық, құқықтық және материалдық қамтамасыз ету
13. Мұғалімнің сабаққа дайындалу әдістемесі
14. Педагогикалық іс-тәжірибені ұйымдастыру әдістемесі
15. Оқу бағдарламаларын оқып үйрену және талдау
16. Әдістемелік оқу әдебиеттерін оқып үйрену және талдау
17. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту мекемелерінің жабдықталуы және оқу өндірістік жұмыстарды ұйымдастыру
18. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту сабақтарын күнтізбелік жоспарлау
19. Кіріспе, ағымдағы, қорытынды нұсқауларын өткізудің әдістемесін дайындау және мазмұнын түзу
20. Оқушыларды кәсіпке оқытудың негізгі бағыттары бойынша даярлаудың мақсаты мен міндеттеріне талдау
21. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту қағидаларына деңгейлі талдау жасау және оқыту үдерісін ұйымдастыру
22. Ұйымдастыру формаларын оқу бағдарламасының мазмұны, мақсаты, міндеттеріне сәйкес таңдау
23. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқыту үдерісін ұйымдастыруда пайдаланылатын сабақ түрлерінің құрылымдарының ерекшеліктері
24. Оқу үдерісін ұйымдастыруда әртүрлі оқыту әдістерін пайдалану ерекшеліктері
25. Дәрісті инновациялық оқыту әдістері мен формаларын пайдалану арқылы сабақты ұйымдастыру және өткізу
26. Практикалық сабақ варианттарын микрооқыту
27. Бинарлы сабақ өткізудің ерекшеліктері
28. Дәстүрлі емес сабақ эпизодтарын жобалау

29. Үйірме жұмыстарын (конструкторлық, СҚӨ, технологиялық, техникалық т.б.) оқушылардың шығармашылық іс-әрекеті бойынша ұйымдастыру және сабақты өткізу әдістемесі

30. Арнайы пәндер мен көркем еңбекті оқытудағы білім беру технологиялары

2 МОДУЛЬ
ИНЖЕНЕРЛІК ГРАФИКА ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ

1. Овал дегеніміз не және оны сызудың ережесін түсіндір?
2. Овалдың көріністерін және қандай көріністерде орындалады?
3 .Сызықтың түрлерін ата?
4. Сызықтардың сызылу кезіндегі стандартты өлшемдері?
5. Түйіндесу заңдылықтарын ата, оларға мінездеме бер?
6. Шеңберді үшке, төртке, беске, алтыға және сегізге бөлу тәртібін көрсет?
7. Геометриялық денелер дегеніміз не, оларға сипаттама бер?
8. Сызу құралдарының маңызына, белгілеріне мінездеме бер?
9. Үш проекция дегенді қалай түсінесің?
10. Аксонометриялық проекция дегеніміз не?
11. Аксонометрия мен Димметрияның айырмашылығын ата
12. Құрылыс сызбалары дегеніміз не?
13. Жайма сызбасы қандай детальдарда орындалады, сипаттама бер?
14. Машинатану сызбасы дегеніміз не?
15. Детальдағы кесінді дегеніміз не, оған сипаттама бер?
16. Сызудағы қима дегеніміз не, оған сипаттама бер?
17. Жіңішке сызық және оның өлшемі.
18. Негізгі жуан контурлы сызық.
19. Сызбадағы белгілер қалай орындалады, мысалы өлшемдер, кесілетін орын т.б.?
20. Сызбадағы штрихтардың орындалу тәртібі, ерекшелігі?
21. Жалғау дегеніміз не, сызбада жалғаулардың қандай түрлері болады?
22. Болттық жалғау түріне сипаттама бер, ондағы резьбалар қалай бейленеледі не?
23. Винттік жалғамға сипаттама бер, айырмашылықтарын ата?
25. Сызудағы тойтармалар (заклепкалар) қалай орындалады, оның ерешелігі дене?
26. Техникалық сызбалар деп нені атаймыз, оның айырмашылығын ата?
27. Сызу пәнінің негізгі міндеттерін және мәселелерін ата, сипаттама бер?
28.Тұтаз ирек сызықтың сипатын айт?
29. Штрих-пунктирді сызықтар.
30. Жаңа техниканы заман талабына сай дайындау үшін қай жүйемен іске асырамыз?

3 МОДУЛЬ
ҮЙ МӘДЕНИЕТІ, ТАМАҚТАНУ МӘДЕНИЕТІ

1.Үй мәдениеті мен тамақтану мәдениетінің қысқаша сипаттамасы.
2.Үй мәдениеті мен тамақтану мәдениетінің оқу мақсаты.
3.Үй мәдениеті мен тамақтану мәдениетінің оқу нәтижелері. Үй
4.Үй мәдениеті дегеніміз не?
5,Тұрмыста қолданылатын жаңғырмалы энергия көздерін ата?
6.Жиһаз жөндеудің жолдарын үйретуді қалай қалыптастырамыз?
7.Жиһаз бұйымдарын күту жолдарына талдам бер?
8.Үй мәдениетіндегі сантехникалық бұйымдарға күтім.
9.Үй мадениетіндегі қатпарлар технологиясының жүйесі
10.Үй мәдениетінде қолөнер бұйымдарын пайдалану.

11.Үй мәденеитінде ланшат дизайнін іске асыру жүйесі?
12.Үй мәдениетіндегі өсімдік шаруашылығы, көктемгі жұмыстар?
13.Ағаштан ас бұйымдарын жасау үлгілері.
14.Киімді күту мәдениеті және сақтау ережелерін қандай?
15.Материалды таңдау және дайындау ерекшеліктері қандай?
16.Тамақтану мәдениеті.
17.Ас үй жабдықтары, ыдыс-аяқ.
18.Тамақ дайындауға арналған құралдар мен құрылғылар.
19.Санитарлық – гигиеналық талаптар және техника қауіпсіздік ережелерін ата?.
20.Үй экологиясы, тазалығы, экологиялық таза тұрғын.
21.Дұрыс тамақтанудың негіздері
22.Минералды тұздар мен минералды заттардың негізгі көздері қандай?
23.Өңделген еттің қандай ағзасы бар?
24.Мұздатылған тағамдардың асқазанға әсері қандай?
25.Бәліш сияқты ұн өнімдерінің организмге зияны қандай?.
26.Картоп қытырлақтарының ағзасы асқазанға қандай?.
27.Газдалған судың организмге әсері.
28.Сүт тағамының пайдасы қандай?
29.Айранның пайдалы элементтері?
30.Тауық етінің құрамындағы витаминдер?